



# Алақол

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№22 (8057) 27. 05. 2023.  
Сенбі / Суббота

## Білім мен біліктілік

Еліміз ілгері дамуы үшін өркез білімді шыңдап, жан-жақты ізденіс үстінде болуы керек. Мемлекеттің берік болуы мен жаңа саяси көзқарастар қалыптасуы тікелей оқу-білімнің дұрыс игерілуіне байланысты. Біз саналы түрде өсіп-өнген сайын жаңашылдыққа ұмтыламыз.



Білім – қара жерге егілген тұқым тәріздес. Біз барлық зейінді оқу-білімге, ізденіске жұмсаған сайын жемісі де тәттірек болмақ. Ұлы ғұламаларымыздың өзі білімге бөлінген уақытты ең тиімді және еш зая кетпеген сәт деп білген. Қай заманда болмасын оқыған адам бір саты жоғары, бір қадам ілгері жүрген. Адам баласының санасына құйылған білімі өмір бойы сусындататыны анық.

Қазіргі қоғамда сапалы білім - қарқынды дамудың басты шарты. Біз заман ағымымен бірге бір арнаға толысып, жаңа талаптар мен үрдістерге сай бейімделуіміз керек. Сондай-ақ әр ұлт жанашыры ең алдымен өзі үшін бір орында тежелмей, ілгері жылжуы шарт. Ал білімді тереңдетуде, озық ойлы ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздар қауымының септігі мол.

Барлық саланың дамуына көп күш-жігер салатын ол әрине педагог мамандар. Ең жауапты әрі күрделі міндетті аркалап, ел тәрбиесін өзінен биік қоятын, ілім мен ізгіліктің жаршысы бола білген мұғалімдердің ұлт дамуына қосар үлесі зор. Қоғам өзгеріске ұшыраған сайын ұстаздарға қойылатын талап та күшейе түсуде.

Осы тұста жуырда ауданымызға іс-сапармен ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев келіп, С.Иманасов орта мектебінде педагогтердің басын қосты. Шараға өңір басшысы А.Абдинов, ауданымыздағы 44 мектептің директорлары мен оқу-ісі жөніндегі мамандар қатысты.

Алғы сөз еліміздің бас педагогі Ғ.Бейсембаевке беріліп, білім беру жүйесіндегі өзгерістерге ерекше тоқталып өтті. Министр педагогтермен еркін сұхбат жүргізіп, ұстаздар қауымының ұсыныстары мен сұраныстарына құлақ түрді. Қазіргі таңда білім сапасын арттыру, аттестация жүйесін және педагогтерді ынталандыру тәсіл-

дерін жетілдіру ең өзекті мәселенің бірі. Осы тұста педагогтерді аттестаттау кезінде «Оқыту әдістемесі» бойынша шекті балды жинай алмай, тестте келген сұрақтардың мазмұнына наразылық білдіргендер де болды. Алдағы уақытта «Оқыту әдістемесінің» спецификациясын қайта қарастыруды қолға алса деген ұсыныстар түсті. Бұл жөнінде Оқу-ағарту министрі сұранысқа тіл қатып, тұщымды жауап қайтарды. Сонымен қатар ауыл мектептерін дамыту бойынша жасалып жатқан іс-шаралардың қарқыны мен білім беру ұйымдарының жұмыс сапасымен танысты.

Өрмен қарай «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен қаражат бөлініп, Ақжар орта мектебі мен Үшарал қаласындағы №1 орта мектебінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын қадағалап қайтты. Сондай-ақ ауданымызда 2023-2025 жылдары «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биылғы жылдың екінші жартыжылдығында Достық ауылында (600 орындық), 2024 жылы Үшарал қаласында (600 орындық) мектеп құрылысын жүргізу жоспарлануда. Және де Ақши ауылындағы «Жалын» лагеріне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, ағымдағы жылы қолданысқа берілмек.

Баланың ес білгенінен бастап санасына білімге деген көзқарасын қалыптастырып, құштарлығын оятуда педагогтеріміз бір деңгейде қалып қалмауы керек. «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы», - дейді А.Байтұрсынов. Ұстаз да оқушымен қатар әрдайым ізденісте болғаны абзал. Себебі қазіргі басты міндетіміз – даму.

Кездесу соңында өңір басшысы А.Абдинов ҚР Оқу-ағарту министрі Ғ.Бектайұлының жұмыс сапары білім саласына оң өзгерістер мен жаңа серпін беретініне және маңызды мәселелердің шешімін табуға септігі тиетініне сенім білдірді.

Ж.КУМПЕИСОВА.

Недавно в доме культуры имени З. Койшибаевой прокурор области Жетісу Мадияр Бекенович Басшыбаев провел встречу с населением района, на которой присутствовал аким района А. Абдинов, депутаты районного масалихата, акимы сельских округов, руководители организаций и учреждений.

Мероприятие началось с доклада прокурора района Е.Касымбаева, после которого прокурором области М. Басшыбаевым были даны соответствующие поручения и рекомендации, в особенности по усилению работы по криминогенной об-



## В рамках встречи

становке, освоению земель, контроле по законности выделения земельных участков, необходимости санитарных машин для сельских округов. Отдельно был затронут вопрос о необходимости дорожных разметок на дорогах Достык - Ушарал, а также же квалифицированного эколога

для района.

В ходе встречи с прокурором жители района поднимали вопросы нехватки жилья, очередности на его получение, качества дорог, просили обратить особое внимание на нехватку земель под пастбища в селах.

Мадияр Бекенович ответил,

что все поднятые вопросы он возьмет на личный контроль и по итогам встречи будет составлен план действий по исполнению поручений акима для решения поднятых населением вопросов.

Ш. АСИНА.

## Саламатты Қазақстан – Алақөлде

Біз кейде басты байлығымыз – берілген уақытымыз бен денсаулығымыз екенін есте естен шығарып жатамыз. Денсаулық – тек жеке бастың ғана емес, еліміздің де ұлы игілігі. Ал мемлекетіміздің болашағы – ұлтымыздың саулығында.

Осы тұста жыл сайын ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Саламатты Қазақстан» медициналық жүргек пойызы жобасымен еліміздегі шалғай стансалар мен ауылды аймақтардың тұрғындарына тегін медициналық көмек көрсетеді. Мамандандырылған медициналық пойыз биыл да өз ісін бастап кетті.

Президентіміз Қ.Тоқаев денсаулық сақтау саласының барлығы қолжетімді әрі әділ болуын қолдайды. Сондай-ақ мемлекеттің басым міндеттерінің бірі – өмір сүру сапасын жақсарту мен ұзақтығына жағдай жасау дейді.

«Саламатты Қазақстан» пойызы 26 сәуірден бастап жолға шығып, ауыл аймақтарды аралауда. Жоба осы жылдың 6 желтоқсанына дейін бүкіл Қазақстан бойынша 120-дан астам стансаны қамтымақ.

Өңірімізге аяқ тіреген бұл жоба ауданымыздың азаматтарына үлкен көмегін тигізді. Бұл ерекше пойызымыздың да басты мақсаты – қарапайым халықтың әл-ауқатын жақсартып, тегін тек-



серістер жүргізіп, денсаулыққа дұрыс көңіл бөлу керек екенін ұғындыру. Аталмыш медициналық пойыз 8 вагоннан тұрады. Оның 3 вагонында мамандардың кәбинеті орналастырылған. Айта кетсек, тіркеу бөлімінен бастап терапевт, хирург, невропатолог, акушер, гинеколог, уролог, окулист, рентгенолог, отоларинголог, психолог, стоматолог, жалпы тәжірибе дәрігері, ультрадыбыстық диагностика дәрігері, зертханашы және мейірбике бөлмесі бар. Вагон іші толықтай жабдықталған әрі халыққа ыңғайлы. Бұл медициналық пойыз стансаларда 1-2 күн тұрақталады және жұмыс уақытымен қызмет көрсетеді.

Адам өмірінің сапасы денсаулығының дұрыстығына тікелей байланысты. 12 мүшеңіз сау болса, ғұмырыңызда ұзағынан

болмақ. Сол себепті де Алламыздың сау қылып берген денсаулығына немқұрайлы қарап, оны зиянды заттармен улаудан аулақ болайық. Керісінше ағзамызға пайдалы тағамдарды беріп, салауатты өмір салтын ұстанғанымыз абзал.

Кей ауылды мекендерде тұрғынның аздығынан немесе аймақтың қолайсыздығынан медициналық орталық расымен жоқ. Қарапайым халық тексерістен өту үшін қалаға, ауданға баруға мәжбүр болады. Барғанның өзінде қажетті медициналық мамандар жеткіліксіз. Ал «Саламатты Қазақстан» жүргек пойызы ауыл тұрғындарына толықтай тексерістен өтуіне, тегін консультация алып, дәрігерлердің қабылдауында болуына мүмкіндік береді.

Аудандық орталық аурухананың баспасөз қызметі.

# Праздничное зрелище

День защиты детей — это светлый, радостный праздник. Это особый день — ведь недаром им начинается лето, и он по праву принадлежит только нашим детям. В них наша радость и надежда, труд и счастье. Поэтому в такой солнечный день особая благодарность выражается тем педагогам и специалистам, которые принимают активное участие в воспитании подрастающего поколения и помогают им стать замечательными гражданами своей страны.

ство художественного чтения и состоит в умелом использовании обеих форм человеческого мышления: логической и образной, которые органически взаимосвязаны. Для того, чтобы проникнуть в отобранное для исполнения произведение, необходимо внимательно вчитаться в то, что написал автор, проникнуть в его мир мыслей, образов, понять его отношение к изображаемой им жизни, свериться с его мировоззрением, выявить его особенности языка и стиля, не пропустить ни одной авторской интонации. Все это и представляет собой длительный и сложный творческий процесс.

Огромные по объему, богатые по содержанию художественные произведения известных отечественных авторов М. Макатаева, Ф. Онгарсыновой, С. Мауленова, М. Ауезова, которые декламируют маленькие наставники Куралай Саркытовны помогают им не



Одно из самых любимых зрелищ детей - кукольный театр, который привлекает детей своей яркостью, красочностью, динамикой. Ведь именно в нем дети видят любимые игрушки: мишку, зайку, собачку, кукол и др. - только они уже ожили, задвигались, заговорили и стали еще привлекательнее и интереснее. Необычайность зрелища захватывает детей, переносит их в совершенно особый, увлекательный мир, где все необыкновенно и возможно.

Кукольный театр доставляет детям удовольствие и приносит много радости. Однако его значение намного шире. Воспитательными аспектами кукольного перчаточного театра занимается педагог Центра детского творчества Куралай Саркытқызы. Она работает с детьми в кукольном театре и кружке «Художественное чтение». Оба кружка по 2 раза в неделю с детьми младшего и среднего школьного возраста - в период, когда у ребенка формируются вкусы, интересы, определенное отношение к окружающему, поэтому очень важно показывать им примеры дружбы, праведности, отзывчивости, находчивости, храбрости и других жизненных ценностей.

Для осуществлений этих целей кукольный театр Куралай Саркытовны располагает большими возможностями, воздействуя на зрителей целым комплексом средств: художественные образы — сказочные персонажи и оформление. Младшие школьники очень впечатлительны и быстро поддаются эмоциональному воздействию. Они активно включаются в действие, отвечают на вопросы, задаваемые куклами, охотно выполняют их поручения, дают им советы, предупреждают об опасности. Эмоционально пережитый спектакль помогает определить отношение детей к действующим лицам и их поступкам, вызывает



желание подражать положительным героям и быть непохожими на отрицательных. Увиденное в театре расширяет кругозор детей и надолго остается у них в памяти: они делятся впечатлениями с товарищами, рассказывают о спектакле родителям. Такие разговоры и рассказы способствуют развитию речи и умению выражать свои чувства.

Дети передают в рисунках различные эпизоды спектакля, учатся правильно обращаться с перчаточными куклами как фигурками отдельных персонажей и готовят целые сцены. Но самое яркое отражение кукольный спектакль находит в творческих играх: дети устраивают театр и сами или при помощи игрушек разыгрывают увиденное. Эти игры развивают творческие силы и способности ребят. Таким образом, кукольный театр имеет большое значение для воспитания и всестороннего развития детей.

А следующий кружок «Художественное чтение» — это своеобразное искусство творческого воплощения литературного произведения в действенном звучащем слове. Сильное чувство, переживания человека всегда затрагивают разум, оставляя неизгладимое впечатление. Мастер-

только расширить свой кругозор, но и пополнить багаж знаний по казахской литературе. А внеклассные мероприятия, в которых принимают участие маленькие чтецы развивают их язык, способствуют привитию интереса не только к художественному слову и литературе, но и выразительному чтению.

Таким образом, художественное чтение предполагает определенный уровень овладения профессиональным мастерством и техникой. Нет сомнения в том, что только интересная художественная личность способна заставить внимать себе. Именно развитием таких навыков и занимается Куралай Саркытовна. Нет сомнения в том, что работа над текстом требует литературного и исполнительского кругозора чтеца. «Если я читаю, значит, я ответственен за мое чтение...», — это девиз юных чтецов кружка «Художественное слово». А живое слово, которым они пользуются воспитывает не только любовь к литературе, но и формирует мир образного мышления, обучая деток вниманию, мысли, укрепляя память.

Ш. ИМАНАСОВА.

1940 жылдың соңы адам құқығын қорғау кезеңі ретінде тарихта қалды. Сол жылдары адамзат қауымы балалар құқығын қорғау ісінде қолға алып, бірқатар тиісті халықаралық құжатты әзірледі, 1959 жылы декларация қабылданды. Онда балалардың өмір сүруі, оларды зорлық-зомбылықтан қорғау, мемлекет тарапынан олардың болашағының жарқын

болуына атсалысу сынды қаулылар құжат жүзінде бекітілді. Декларация қабылданғаннан кейін 20 жыл өткен соң 1979 жыл - Халықаралық балалар жылы деп жарияланды.

Тағы бір онжылдықтардан кейін, 1989 жылы балалар құқығы туралы конвенция қабылданды. Бұл құжаттың мәртебесі жоғары: ол декларациямен салыстырғанда, халықаралық құжат ретінде қарастырылды әрі ол өскелең ұрпақтың мүддесін қорғап, олардың құқықтарының қорғалуының кепілі ретінде бекітілді. Кепілдіктің барлығын әлемнің көптеген елі мен БҰҰ-на мүше елдер қабылдады. 1946 жылы БҰҰ жанында балаларға көмек көрсетуге арналған арнайы ұйым — ЮНИСЕФ құрылды. Ол түрлі елдердің үкіметі мен жеке тұлғалардан қайырымдылық қаражатын жинайды. Аталған қаржының барлығы балалар мәселесін шешуді көздейтін әлем бойынша арнайы қызмет жұмысын құру және оны жүзеге асыру ісіне жұмсалады.

Ұйымның негізгі мақсаттары:

- Балалардың өмірін жақсартуға оңтайлы жағдай жасау әрі оларға өмірдің түрлі қиын жағдайларында көмектесу;
- Балалардың өмірі мен денсаулығын күту — вакцина салу және алғашқы көмек көрсету;
- Дамуы артта қалған елдердің балаларына оқу ұйымдастыру, оларға оқу материалдарын ұсыну.

Халықаралық балаларды қорғау күні не үшін қажет деген сұраққа келер болсақ, бұл мереке ересектерге балалар әлемі нәзік екенін, оларға үнемі қолдау мен қорғау қажет екенін еске салады. Атаулы күн күллі адамзат баласын жасөспірімдер мәселесіне бей-жай қарамай, мемлекеттік деңгейде олардың шешілуіне кепілдік бере алу керектігін айғақтайды. Бұл күні барлық балалар мекемесі мен отбасы мерекені естен кетпестей етіп өткізуге тырысады. Халықаралық балаларды қорғау күнінің өз нышаны — туы бар. Оның түсі жасыл әрі тудың ортасында түрлі-түсті бояумен салынған балалардың сұлбалары бейнеленген. Олардың барлығы Жер шарына қол тигізіп, баршаның мәңгілік мекені — Жер екенін көрсетеді.

Балалар — біздің болашағымыз. Олардың уайымсыз өмір сүруі, аға буынның қолында. Балалар жылаамасын! Бұл адамзаттың тілегі.

А.ӘБИТҰЛЫ.

## Балалар — біздің болашағымыз

1 маусымда күллі әлем балалар күнін атап өтеді. Бұл бізге ел болашағы — өскелең ұрпақ қолында екенін тағы бір мәрте еске салады. Осы орайда балаларды қорғау күні күнтізбеде қалай пайда болды және бұл атаулы күн туралы ел біле бермейтін қандай деректер бар деген заңды сауал туындайды.

Бүгінгі материалда осы жөнінде кеңінен тарқатып жазатын боламыз. Балаларды қорғау күні қашан және қалай пайда болды? Ересектер әлеміндегі бітпейтін жанжалдар мен соғыстан көп жағдайда балалар жапа шегеді. XX ғасырдағы әрбір дүниежүзілік соғыстан кейін, көптеген бала алаңсыз балалық шағынан айырылып, үй-күйсіз, далада қаңғып, жетімдіктің ауыр азабын тартты. Сол себепті бүкіл адамзат қауымы алдында осындай қиындықтарды шешу мәселесі тұрды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1925 жылы Женевада арнайы Дүниежүзілік конференция шақырылды. Онда қаралған басты мәселе — соғыстан жапа шеккен балалардың тағдырына жауапкершілік алып, олардың әлауқатын көтеру мәселесі болды. Осы шақырылымнан кейін бірнеше жылдан соң өзінің жүз жылдық мерейтойын атап өтетін халықаралық балаларды қорғау күні бастау алды. Халықаралық балаларды қорғау күні күнтізбеде маусымның 1-і күні ретінде бекітілген. Бұл күнді таңдауға екі тарихи оқиға себеп болған: 1925 жылы Женева конференциясының өтуі, Сан-Францискода Қытайдың бас консулының жетім балаларға арнап айдаһар-кемелер мерекесін өткізуі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін күллі әлемге соғыстан кейінгі балалық мәселесін шешуге тура келді.

1949 жылдың күзінде Халықаралық әйелдер демократиялық қауымдастығының конференциясы өтті. Онда балалардың бақытты болуының басты себебі тек әлемнің тұрақтылығында деген ой айтылды. Осылайша аталған конференцияда Балаларды қорғау күні ресми түрде бекітілді. Бұл шешімді сол жылдары енді құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы да (БҰҰ) қолдады. Бұған қоса БҰҰ балалар құқығын қорғау мекеменің басты бағыттарының бірі болатынын мәлімдеді. 1950 жылдары ондаған елде Халықаралық балаларды қорғау күні атап өтіле бастады.

# Рәміздердің орналасу тәртібі

Мемлекеттік рәміздер – бұл көз келген елдің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі.

Жуырда қалалық әкімдікте мемлекеттік ұйымның қызметкерлерінің қатысуымен ҚР Мемлекеттік туының, елтаңбасының және гимнің стандарттарға сай орналасу тәртібі бойынша семинар өтті.

Жиын барысында аудан аумағында өткізілген тексеру шараларының нәтижесі мен анықталған кемшіліктер ортаға алынды. Рәміздердің кей мемлекеттік мекемелерде дұрыс орналаспауы, тіл тазалығының сақталмауы, мемлекеттік тіл мен ресми тілдің бір орынға жазылуына байланысты сын-ескертпелер айтылды. Бұл мәселе жөнінде аудандық ішкі саясат бөлімінің мамандарына қадағалау тапсырылды.

Аталмыш семинарда ҚР рәміздерінің орналасу тәртібі бойынша



енгізілген өзгертулер мен түзетулер жайлы толықтай ақпарат берілді. Сондай-ақ еліміздің көк туы, елтаңбасы мен гимні кез келген орында орналаса бермейтіндігі жайлы айтылды. Яғни, көк туымыз мемлекеттік мекеменің жоғарғы жағында орналасып, кешкі уақытта міндетті түрде жарық түсіп тұруы тиіс. Сонымен

қатар мекеме атауына келер болсақ, ең бірінші мемлекеттік тілде және ғимараттың оң жағында орналасуы шарт.

Жиын соңында сын тағылған мекеме басшылары дереу түзету шараларын қолданатындығын айтып, кері байланыс жасалды.

**Ж.СЕРІКҚАНҚЫЗЫ.**

## Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары

2022 жылғы 22 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің №814 Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев ағымдағы жылдың қаңтар айында Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде және кейінірек сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте мемлекеттік аппараттың жұмысы «жаңа тәсілдерді» енгізуді және Мемлекеттік қызмет жүйесін іс жүзінде сервистік және клиентке бағдарланған болуы үшін қайтадан жандандыру қажеттігін атап өтті.

Қазақстандық қоғамда болып жатқан өзгерістер мен біздің күнделікті өміріміздегі факторлар мемлекеттік басқару жүйесіндегі жаңа тәсілдерді талап етеді. Оларды мемлекеттік басқаруда жүзеге асыру жаңа Қазақстанды құру жолындағы басты фактор болып табылады.

Осыған байланысты, қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыру және халықпен кері байланысты жақсарту бойынша жұмыс істеу қажет. Ол үшін адамдарға бағытталған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру қажет.

Жаңа Этикалық кодекс қызметтік этика нормаларын дұрыс түсіну және қолдану үшін өте маңызды.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жаңа сын-қатерлерді шешу жаңа редакциядағы Әдеп кодексінің қабылдауға себеп болды.

Кодекстің жаңа редакциясында «Мемлекеттік қызметтің әдеп қағидаттары» атты жаңа тарау пайда болды. Осыған сәйкес

мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы алты қағидатқа негізделеді:

- 1) адалдық - қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;
- 2) әділеттілік - өз міндеттеріне шынайы көзқарас;
- 3) әділдік - жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;
- 4) ашықтық - жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болу және өз әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- 5) сыпайылық - азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау;
- 6) клиентке бағдарлану – Мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толық бағдарлана отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөнінде және өтініштерді қарау кезінде бюрократия мен өуре-сарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын негізгі талаптар:

- 1) қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;
- 2) заңда белгіленген шектеулерді сақтауға, мүдделер қақтығысын болдырмауға;
- 3) азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытуға, дәрежелік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге, өз әрекеттерімен және

мінез-құлқымен олардың тарапынан сынның орын алуына жол бермеуге;

4) лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты кез келген сипаттағы заңсыз уәделер бермеуге және заңсыз міндеттемелер алмауға және т.б.

Сонымен қатар Кодексте егер мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келмесе, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік мәселелер бойынша өз пікірін жария етпеуі, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашпауы және мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке сай емес мәлімдемелерді қамтуы тиіс екендігі белгіленген.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қарапайымдылық танытуға, тиісті қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қол сұғумен ұштасатын қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілерде моральдық-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін негіз болады.

**Азиз НАСИМБАЕВ,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Мемлекеттік қызмет істері**  
**агенттігінің Жетісу облысы**  
**бойынша Департаментінің**  
**бас маманы.**

## Исағұл Жолжановқа көше аты берілді

Қазақ қоғамында ақсақалдар институтының алар орны ерекше. Халқымыз қарттарды ақыл дариясы, даналық қазынасы ретінде қадірлеген.

Қариялардың қатысуынсыз қоғамда қордаланған мәселелер шешіліп, қарымды істер қолға алынбаған. Қартын қадірлеп, қара шаңырақтың құты мен киесі деп ұққан халқымыз оларға қашанда төрден орын берген.

Үшарал қаласында ауданымыздың құрметті азаматы, өңіріміздің экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосып, 42 жыл аянбай еңбек еткен абыз ақсақал Исағұл Жолжановқа көше берілді.

Аудан орталығында Исағұл Жолжанов көшесінің ашылуы

салтанатына дүйім жұрт жиналды. Іс-шараға жиналған халық Исағұл Жолжановтың еңбегі мен жүріп өткен жолы туралы естеліктер айтты. Жиынға келген аудан әкімі А.Абдинов алғы сөз алып, абыз ақсақал туралы, еңбегі мен еліне қызметі туралы айтып, қауымды құттықтады.

Содан кейін өңір басшысы аудан ақсақалдарымен бірге лентаны кесіп, салтанатты түрде көшені ашып берді.

Іс-шарадан кейін жиналған қауым марқұмның асына кіріп, дәм татты.

Айта кетейік, Исағұл Жолжанов көшесі Дулепов көшесінен аудандық әкімдікке дейін созылып жатыр.

**А.ӘБИТҰЛЫ.**

## Еркін ел ұрпағы

Сауаттылық – қазіргі қоғамда әрбірінен талап етілетін критерийлердің бірі. Себебі, бұл адамның ішкі мәдениетін көрсетеді. Ал мәдени бай тұлға өзіне сенімді, әрі жетістікке жетуге деген мүмкіндігі көбірек. Тілге деген сауаттылық адам ойының дұрыс жеткізілуіне үлкен септігін тигізеді. Міне осы тұрғыда барлық қазақстандықтар жалпыұлттық патриоттық диктант жазу күнін атап өтті.



Сауатты азамат – сапалы мемлекет кепілі. Осы мақсатта өңіріміздің мемлекеттік қызметкерлері, барлық оқу орындары, білім ордасының тұлғалары, өзге сала мамандары және де аудан тұрғындары «Еркін ел ұрпағы» атты тақырып аясында диктант жазып, сауатты жазу дағдыларын басты назарға алды.

Ұйымдастырылған шара – сауаттылықтың маңыздылығын ұғындыруға, сондай-ақ мемлекеттік тілімізді құрметтеуге тәрбиелейді. Диктант жазудың мақсаты - оқылған мәтінді қағаз бетіне қалай естідім, солай түсіру емес, ұлттық ерекшелік-

терімізге тән 42 әріптің дұрыс айтылуы мен жазылуына көңіл бөлу.

«Тіл – ол білуге және жақсы игеруге тиіс құрал. Егер ол сауатсыз қолданылатын болса сынған, яғни іске аспайтын құралмен тең», - дейді орыс жазушысы М.Горький. Расымен де, біз өз тілімізді күнделікті қолданбасақ, яки бұрмалап сөйлесек ұлттық құндылығымызды жоғалтқанымыз. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп Қадыр Мырза Әли атамыз айтып өткендей, бірінші кезекте мемлекеттік тілімізді қою керек.

**Ж.КУМПЕИСОВА.**



## Дарить заботу

Современный мир развивается стремительно, наша жизнь становится комфортнее, на помощь в повседневных делах приходят всевозможные новации. Но даже последние изобретения технического прогресса и научной мысли не заменят того, в чем каждый из нас, маленький и взрослый, нуждается постоянно, потому что так устроена душевная организация человека. А необходимо — доброе общение, чуткое понимание, заботливое участие.

Особенно остро эту необходимость ощущают дети с ограниченными возможностями. Поэтому профессия социального работника остается одной из самых нужных, востребованных. Здесь не может быть безразличия — в сфере социального обслуживания нужно работать с открытым сердцем к людям, кто нуждается в посторонней помощи и уходе. Так считает социальный работник Шингожина Алмагул Жусуповна.

В социальной службе героиня моей статьи оказалась по воле случая, но сегодня уверена: именно в этой работе — ее призвание. «Долгие годы я работала в другой сфере, но с 2007 года судьба привела меня в социальную сферу — рассказывает Алмагул Жусуповна. На тот момент в нашем Бескольском сельском округе, я стала одним из первых социальных работников, была свободна данная вакансия. Я знала, что это непростой труд, в первую очередь физически, но все же согласилась — с детьми всегда находила общий язык, да и сама мысль о том, что моя работа будет полезной, адресована детям, как — то согревала. Да, признает Алмагул, сначала было сложно, ведь дети не всегда легко идут на контакт, не сразу доверя-

ют малознакомому человеку. Но постепенно, шаг за шагом. Она научилась понимать своих подопечных и сегодня работа приносит только положительные эмоции.

Трудовые будни социального работника насыщенные. У Алмагул Жусуповна — 6 подопечных, каждого из которых она навещает дважды в неделю. Круг обязанностей или, как сегодня принято говорить, социальных услуг — достаточ-

но широкий и индивидуальный для каждого ребенка. Ведь диагнозы подопечных различные, как детский церебральный паралич, синдром Дауна и многие другие. Есть среди них и лежачие больные.

«Я с ребятами выполняю домашние задания, так как некоторые из них находятся на домашнем обучении. Мы рисуем, играем, гуляем, я им читаю книги. Стараюсь по возможности расширять их кругозор и уделять им побольше внимания», — рассказывает Алмагул Жусуповна.

Прогулки на свежем воздухе, посещение общественных мест во время различных мероприятий, например на Наурыз мейрамы, или ко Дню защиты детей надолго остаются в памяти подопечных Алмагул Жусуповна.

Помимо таких хлопот среди обязанностей социального работника — сопровождение подопечных в больницы, вызов скорой, помощь в сдаче анализов и посещения учреждений, например аптеки или парикмахерской, госучреждений, которые необходимо посещать, чтобы помочь родителям с оформлением документов и многое другое. Все это требует немало времени, терпения и сил.

После окончания рабочего дня, как и все женщины района, Алмагул Жусуповна спешит домой к своей семье и повседневным хлопотам. Они с супругом вырастили и воспитали двоих детей, у дочери своя семья, она замужем, сын работает в районном акимате. Говоря о своей профессии, Алмагул Жусуповна признается: иногда бывает непросто, но желания сменить сферу деятельности у нее не возникало никогда. Социальная работа — это возможность сделать лучше мир вокруг и измениться самому, становясь терпимее, внимательнее, добрее.

Ш. АСИНА.

# Развивать творчество детей

Из всего многообразия видов творчества кружок «Қол өнері», который работает в Центре детского творчества, является одним из популярных. Он непосредственно связан с повседневным окружением человека и призван эстетически формировать, оформлять быт людей и среду их обитания. Оглянувшись вокруг, можно заметить, что предметы, которые учатся создавать воспитанники кружка вносят красоту в окружающую нас обстановку.

Кружок, руководителем которого является Барлыкбаева Гүлбакыт Еркінгазықызы обогащает творческие стремления детей преобразовывать мир, развивает в детях нестандартность мышления, индивидуальность, умение всматриваться и наблюдать, а также видеть в реальных предметах декоративно-прикладного искусства новизну и элементы сказочности. В процессе создания предметов рукоделия у



кладного искусства важно знакомить с самобытным творчеством и прикладным искусством своего народа. У детей проявляется интерес, а это зарождающееся чувство любви к родному краю, его истории, природе, труду людей. И от нас зависит, будут ли наши дети любить свой край, понимать

учитывать интересы друг друга, умение действовать согласованно, формируется умение уступать, выполнять свою часть работы самостоятельно, а если понадобится, помочь другому.

Шитье из лоскутков, создание браслетов из бисера, поделок из фетра — интересное и творческое занятие. Это настоящее искусство, имеющее многовековую историю и богатые традиции.

Практически на все праздники воспитанники кружка готовят интересные и яркие изделия. Например, на Новый год они сделали поделки в виде елки, совы, букеты из бисера.

Очень важно, что учащиеся заинтересованы в получении



детей закрепляются знания эталонов формы и цвета, формируются четкие и достаточно полные представления о предметах декоративно-прикладного искусства в жизни.

Программа кружка включает в себя разделы, которые развивают ребят творчески. К примеру раздел бисероплетение, или лоскутковые работы. Учащиеся 2 — 6 классов учатся правильно обращаться с бисером, тканью, а именно фетром. Два раза в неделю они посредством рукоделия развивают мелкую моторику рук, обогащают фантазию, учатся сочетать различные цвета как в бисере, так и в ткани.

«При знакомстве детей с произведениями декоративно-при-

его, тянуться к нему, поддерживать, уважать и развивать традиции» — отмечает Гүлбакыт Еркінгазықызы.

На нравственное воспитание детей существенное влияние оказывает коллективный характер выполнения работы: дети, создавая каждый свое изделие, вместе составляют общую композицию. В процессе занятий у детей воспитываются и нравственно-волевые качества: потребность доводить начатое дело до конца, сосредоточенно и целенаправленно заниматься, преодолевать трудности. При создании коллективных работ у детей воспитываются умение объединяться для общего дела, договариваться о выполнении общей работы,

навыков. Интересен тот факт, что даже мальчикам нравится посещать занятия кружка. И они посещают его постоянно. Приемы бисероплетения, умение читать схемы плетения, лоскутные приемы, создание выпуклости, применение орнаментов — это только часть перечня того, что узнают дети на занятиях кружка.

К Наурыз мейрамы учащиеся готовят национальные омулеты — тумар разных форм, треугольных, состоящие из 3 частей.

Таким образом, кружок «Қол өнері» имеет большое значение для воспитания и всестороннего развития.

Ш. ИМАНАСОВА.



# Жаңаша бастама

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығына сәйкес, 2023 жылдың 1 сәуірінен бастап Отбасы банкі «Дипломмен ауылға» жобасының сенімді агенті және операторы болып

тағайындалды.

Жоба тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беруді және 100 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы төлеуді көздейді.

Өтінімдер otbasybank.kz жылжымайтын мүлік порталында онлайн режимде қабылданатын болады.

«Дипломмен ауылға» жобасына қатысуға өтінім беру үшін қатысушы otbasybank.kz порталында тіркеліп және ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қою арқылы қатыса алады.

Бағдарламаға ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкім-

дері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері қатыса алады.

Бюджеттік кредиттің ең жоғары сомасы 1500 АЕК-ке дейін, кредит бойынша мөлшерлеме 0,01%-ға тең (ЖТСМ – жылдық 0,01%-дан басталады).

Бюджеттік кредит маманға жұмыс істейтін елді мекенде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға беріледі.

Бюджеттік кредиттің ең көп мерзімі – 15 жыл.

Негізгі талап – жобаға қатысушы ауылдық жерде мамандығы бойынша 3 жыл жұмыс істеуі керек.

«Дипломмен ауылға» жобасы бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімі otbasybank.kz банк қосымшасы арқылы хабарланады.

Өз тілшіміз.

# Мол мүмкіндіктерге жол ашық

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары жұмыссыз жүрген жастарды жұмыспен қамтып, тәжірибе жинауға мол мүмкіндік беретінін қазір жастар жақсы біледі.

Жастар практикасы жұмыс берушілерде олардың меншік нысанына қарамастан уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылады. Аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыс орындарын ұйымдастыруға ниет білдірген жұмыс берушілерден қазан айында өтінімдер қабылданып, бірыңғай тізбе қалыптастырылады. Жұмыссыз түлектерді мамандығына сәйкес тізбеге енген мекемелерге жастар практикасынан өткізу жүргізіледі.

Бағдарламаға алған мамандығы бойынша кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері қатыса алады. Жастар практикасының ұзақтығы 12 ай. Жастар практикасына қатысушыларға жалақы төлеуге арналған қаражаттарды мемлекет толығымен өз мойнына алады. Бір адамға бөлінетін қаражат мөлшері 30 айлық есептік көрсеткіш (103500 теңге). Бұл ретте жұмыс беруші өз тарабынан ешбір шығын шығармайды.

Аудан бойынша 2022 жылы жастар практикасын аяқтаған 27 маманның 13-і практика соңынан тұрақты жұмысқа орналасса, қазіргі кезде практикасын аяқтаған 16 маманның 11-і тұрақты жұмысқа орналасты.

Ағымдағы жылға 76 мекеменен Жастар практикасын ұйымдастыруға келісімшарт жасалды. Қазіргі кезде кәсіптеріне сай салада 43 жас маман жастар практикасынан өтуде. Жастар практикасынан өтуге жолдама беру жыл бойы жүргізіледі. Сонымен қатар «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар сабақтастығы» атты жобалар іске асырылуда.

«Алғашқы жұмыс орны» шарты бойынша бірінші рет жұмыс іздеп жүрген түлектер, жұмыс тәжірибесі жоқ жастар, оның ішінде NEET санатындағы жастар жобадан бағын сынап алады. Алғашқы жұмыс орны – бұл 35 жастан аспаған жастар үшін бірінші жұмыс орнында кәсіби білім мен дағдыларды беру. Бірінші жұмыс орнындағы жұмыс ұзақтығы 18 айдан аспайды, аяқталғаннан кейін қатысушыға кемінде 12 ай мерзімге тұрақты жұмыс орны беріледі.

«Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша 2 жыл ішінде оқуын аяқтаған білім беру ұйымдарының түлектері 6 айдан аспайтын мерзімге бара алады.

Барлық жобалар бойынша жалақы кемінде 30 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды.

Аталған жобаларға қатысуға жолдама алу үшін аудандық халықты жұмыспен қамту орталығына жүгіну қажет.

Аталған жобалар жас түлектерге, олар алған мамандықтар бойынша жұмыс тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беретіндігін және оларға келешекте тұрақты жұмыс орындарына орналасу үшін зор мүмкіндіктер ашады.

**Ж.ХАМЗИНА,**  
Алақөл ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының маманы.



# Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – өмір сапасы

Мемлекет болып ұйысқаннан бергі өнегелі өткеніміздің қай тұсына көз жүгіртсек те тиімді мемлекеттік басқару тетігінің қолданылып отырғанын байқауға болады. Тоқсаныншы тоқырау жылдарының қаржылық, дағдарыстық, өндірістік, экономикалық езгісіне төтеп беру жолында атқамінер азаматтардың төккен тері мен кеткен уақыты, сарқылған күш-жігерлері мен қажыр-қайраттарының құны өлшеусіз.

Бұл ретте елдің бүгінгі даңқы мен дақыртына жетуіне өз салалармен қатар мемлекеттік қызметшілер де орасан үлес қосқаны мәлім. Қазіргі таңда өзекті саналатын мемлекеттік қызметшінің бойынан табылу керек қасиеттер мен оның кәсіби келбеті төмендегідей шарттарды қамтуы тиіс:

- ол адалдық асуынан ары аспай, билік тарапынан берілген құзыреттіліктерді тиімді пайдалана алғаны жөн;
- өз қызметінде қара бастың қамы емес, халықтың мұңы мен игілігіне қарай қадам басқаны абзал;
- мемлекеттік қаржы қалтаға басатын емес, жұрттың жағдайын оңалтуға жұмсалып керектігін жіті ұғыну керек;
- мәліметтік ашықтықты қамтамасыз етіп, қоғам яки мемлекет тарапынан оның қаржылық, мүлктік мәселеріне қатысты са-

уалдар туындауына жол бермеуі қажет.

- заң талаптарына толықтай сәйкестікте өмір сүріп, шындық шекарасы мен ақиқат ордасынан бір қадым шықпағаны жөн;
  - кез келген лауазымда елдің сенімінен шығып, мемлекеттік қызметтің келбетіне кір түсірмейтіндей еңбек ету керек;
  - қарапайымдылық пен адалдықтың, өзін-өзі ұстау мен тиянақты жұмыскердің, нағыз ісіне берілген майталман маманның үлгісі болғаны абзал;
  - басшылық лауазымға дейін өзі де қатардағы мемлекеттік қызметші лауазымында болып, әр сатыдағы мамандардың қандай жұмыс атқаратынын жіті түсінуі қажет;
  - мемлекет мүддесіне қарсы яки сыбайлас жемқорлық сынды ғасыр дертіне апаратын әрекеттерді болдырмай, алдын алуда аянып қалмауы тиіс.
- Міне бүгінде қазақстандық мінсіз мемлекеттік қызметшінің айрықша бейнесі осы қалыпта қалыптаспақ. Аталған міндеттерді толықтай орындай алған азамат елдің ықыласы мен алғысын, басшылықтың мадақтауы мен марапатына және лауазымдық өсуге ие болары сөзсіз.

**Г.АУБАКИРОВА,**  
Екпінді ауылдық округі әкімдігінің ауыл шаруашылығы жөніндегі бас маманы.

# Жастар – біздің болашағымыз

Жастар – қай ұлттың да тірегі, кемел келешекке деген үміт пен әлеуеттің шамшырағы. Олардың ішінде болашағымыздың бағдарын айқындайтын ерекше қабілеті, біліктілігі мен әлеуеті бар дарынды жастардың алатын орны зор. Шығармашылығымен, парасаттылығымен, құштарлығымен қаруланған жастар қоғамға оң өзгерістер әкеле алады. Бұл мақалада біз прогрестің, инновацияның және өркендеудің алаушасы болған дарынды жастарды тәрбиелеу және олардың мүмкіндіктерін кеңейтудің маңыздылығын қарастырамыз.

Жастар қашанда қоғамның қозғаушы күші болды. Оның жігері, құштарлығы, жасампаздығы және өзгерістерге деген ұмтылысы оны еліміздің болашағы үшін таптырмас дүние.

Дарынды жастар өз саласында көшбасшы бола алады. Мысалы, жас ғалымдар күрделі ғылыми мәселелерді шешуге көмектесетін жаңа технологиялар мен әдістерді жасай алады. Жас кәсіпкерлер жұмыс орындарын ашатын және экономикалық өсуді арттыратын жаңа компаниялар құра алады. Оған мысал ретінде екі түрлі саланы айта кетсек болады. Олар:

1. Ғылым және инновация: Жастар ғылыми-техникалық дамуда басты рөл атқарады. Көптеген жас оқушылар мен жаңашылдар білімнің әртүрлі салаларына елеулі үлес қосуда. Олар ауруды емдеудің жаңа әдістерін өзіндік зерттеу, инновациялық технологияларды зерттеуде, таза энергия көздерін дамытуда және басқа да заманауи мәселелерді шешуде;
2. Өнер және мәдениет: Жастар өнер мен мәдениет саласында да таланттарын танытуда. Олар өз ойларын, эмоцияларын, идеяларын музыка, сурет, әдебиет, би және шығармашылықтың басқа түрлері арқылы білдіреді. Өнердің дамып, өркендеуіне жас суретшілер, музыканттар, жазушылар мен актерлар үлес қосты.

Дегенмен, жастар өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін оларға қолдау мен мүмкіндік қажет. Қоғам жастардың дарындылығын дамытуға жағдай жасауы керек. Бұл білім беру бағдарламалары, стипендиялар, зерттеулер, стартап-инкубаторлар және т.б. түрінде болуы мүмкін.

Қорыта келгенде қабілетті және талантты жастар – болашағымыздың үміті. Егер біз олардың таланттарын қолдап, қабілетін шыңдап, дамытатын болсақ, біз еліміз үшін көптеген салаларда үлкен ілгерілеушілік пен жетістіктерге жететін боламыз.

**Н.ИБРАИМОВ,**  
Екпінді ауылдық округі жастар ісі жөніндегі нұсқаушысы.

# Экологическая акция «Жасыл ел»

С 2005 года ежегодно стар­тует движение «Жасыл ел», которое объединяет тысячи молодых людей, неравнодушных к родному краю. Каждый человек, участвующий в проекте, учится не только беречь природу и экологию, следить за порядком на улицах любимого города, помогать волонтерским движениям и местным предприятиям по уборке улиц, озеленению, но и с пользой



проводит время в команде своих единомышленников.

В рамках всеказахстанской посадки, приуроченной к экологической акции «Марш парков» на территории Лепсинского края была организована посадка маленьких елей, которые в будущем будут нас радовать уже большими статными деревьями. Все больше и больше молодое поколение

акции.

В рамках этого проекта тысячи молодых людей занимаются важным делом – озеленением и благоустройством территории зеленых насаждений, которое приносит огромную пользу обществу.

С каждым годом растет количество волонтеров, которые добровольно помогают процветанию национального

ритории школы, приносим своей работой радость жителям и гостям нашего села. Лепсинск – самое чистое и самое зеленое село в нашем округе, а может и во всем Казахстане. И мы с удовольствием стараемся, чтобы наш родной край все больше и больше процветал», — говорит Абдухаликова Жасмин,



участвует в жизни родного края, вносит свой вклад на благо нашей родной земли. И сегодня учащиеся Лепсинской школы, участники школьного лесничества «Жас орманшы» не остались в стороне, присоединившись к экологической

парка, те люди, которые хотят внести свою лепту в озеленение нашего края.

«Самое главное, ощущаешь полезность и нужность своей работы. Ведь мы занимаемся озеленением территории, ухаживаем за цветами на тер-

ученица 7 класса Лепсинской средней школы.

**Э. РАХИМОВ,**  
государственный инспектор Лепсинского лесничества Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

Недзвецкому, русскому ботанику – любителю, исследователю, публицисту и путешественнику. Яблоня с яркими розовыми и темно – красными цветами и крупными листьями с розовато – красными жилками, а осенью на них гроздьями висят темно – бурые яблочки с окрашенной мякотью привлекла внимание селекционеров – генетиков всего мира. И.В. Мичу-

## Яблоня Недзвецкого

Яблоня Недзвецкого – *Malus niedzwetzkyana* Dieck., заинтересовавшая ученых всего мира, названа так по имени первого ученого, представившего ее на ботаническое описание. В.С. Недзвецкий – поляк, подданный России, был выслан в г.Верный за революционную работу. По специальности юрист и естествовед, он стал работать заведующим Семиреченским областным музеем. Для пополнения коллекций и экспонатов он скупал редкие экземпляры бабочек, жуков, птиц, камней, образцы растений, их плоды и семена.

Однажды казах Малоалматинской станицы Софронов, во время охоты в горах, увидел яблоню с необычными бордовыми плодами и красной мякотью. Он сообщил об этом Недзвецкому и передал образцы яблок. Недзвецкий взял дерево под наблюдение, в течении года собирал гербарный материал, который затем направил доктору Дику в Германию для установления видового названия и описания. Давая название, доктор Дик не забыл и себя. Яблоня *Malus niedzwetzkyana* Dieck. прославилась обоим «навечно», закрепив их имена в истории науки.

Среди красивоцветущих деревьев – самая эффектная яблоня Недзвецкого занесена в Красную Книгу и находится под угрозой исчезновения. Яблоня Недзвецкого достаточно морозостойка и засухоустойчива, в Жонгар – Алатауском парке достигает до 10 м. неприхотлива. Устойчива к вредителям и болезням. Растет относительно быстро. Яблоня названа в честь ботаника Недзвецкого. Дальний предок знаменитой ныне яблони был обнаружен крупным краеведом и общественным деятелем Владиславом Недзвецким в Тянь – Шаньских горах еще в начале XIX столетия. Найденное там дерево сразу привлекло внимание красотой своих плодов.

Открытие сорта принадлежит Владиславу Ефимовичу

рин, используя этот вид для скрещивания с другими яблонями, получил краснолистные, красноцветковые с ярко – красной и малиновой окраской кожицы и мякоти плодов новые сорта: Краснознаменное, Комсомолец, Бельфлер – Рекорд, Пекин багряный.

У яблони еще одно наименование – сорт «Кульджинка». Небольшое дерево до 10 метров с шатровидной кроной и буровато – красным стволом; молодые побеги и старые ветви темно – пурпурного цвета; листья обратно – яйцевидные или эллиптические, слегка кожистые, темно – зеленые с красноватым оттенком, иногда фиолетово – красные, по краю пильчатые или городчато – зубчатые. Плоды этого дерева мелкие. В основном яблоки одномерные, округлые или округло – конические. Кожица темная, фиолетово – красная с сильным восковым налетом. Мякоть плотная, красивой розово – пурпурной окраски, кисло – сладкая с горчинкой, как у диких яблок. Плоды, оставшиеся на дереве с наступлением первых заморозков теряют свою горечь, но, тем не менее, их вкусовые качества остаются невысокими.

Дикорастущую яблоню можно встретить на территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП на Черновском, Лепсинском и Жаланашском лесничествах в единичных экземплярах. В качестве подвоя эта яблоня используется потому, что дикорастущее дерево крепче и дольше живет, хорошо переносит климатические перепады, легко адаптируется к почвенным и климатическим условиям, улучшает качественные характеристики сортов плодовых деревьев. Вот почему так важно охранять естественные популяции яблони Недзвецкого, которые способны давать хороший урожай на протяжении 150 лет.

**Р. АХУНОВА,**  
научный сотрудник,  
Лепсинский филиал  
РГУ «Жонгар – Алатауский»  
ГНПП.

# Ғылымға ашылған жаңа жол

Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат екені айдан анық.

Мемлекет басшысы тура білім күні халыққа жолдаған Жолдауында елдегі білім саласына баса назар аударған еді.

Ең маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады – деген президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласындағы олқылықтар мен атқарылар жұмыстарды жіпке тізгендей етіп айтып берген болатын.

Президент Жолдауда жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер мен тіл пәндеріне басымдық беруді тапсырды.

Қазіргі заманауи білім беру бағдарламалары, қоғамдағы сұраныс, техникалық ғылымның мүмкіндіктері – барлығын ескере келе Мемлекет басшысының

не себепті жаратылыстану пәндеріне, әсіресе математика, физика, химия, биология пәндерінің сағаттарын көбейтуге тапсырма беріп отырғанын түсінуге болады. Жаһандық интернет тұтастығын ескерер болсақ, қазақ көшінің де ел соңында қалмауын басты назарда болуы. «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ» екенін түсінген білікті де білімді зиялы қауым, сол білімнің қазіргі заманға сай келетінін де білгені маңызды.

Қазіргі таңда ауыл мектептерінде химия, биология, физика кабинеттері заманауи техникалық құрал жабықтарымен жаңартылуда. Бұл атқарылып жатқан жұмыстардың бәрі болашақ дарынды жастардың қамы болып табылады. Осы орайда жаратылыстану-математика бағытындағы

дағы пәндерді оқытудағы олқылықтар жойылып, білім алушыларға аталмыш пәндерден әр түрлі деңгейдегі білім додалары жоғары дәрежеде ұйымдастырылып өтілуде. Нәтижесінде дарынды оқушылар анықталады және олардың жалпы оқуға деген қызығушылықтары артады. Сонымен қатар пән мұғалімдері дарынды оқушылармен жүйелі жұмыстар жүргізе отырып, кәсіби білімдерін шыңдайды. Білімнен басталған жол – білімге тіреледі дегедей, еліміздің болашағы жарқын болуы – дарынды жастардың қолында. Білім көгінде қыран болып самғайтын, ата-баба сара жолын жалғайтын, салт-дәстүрімізді, ұлттық құндылығымызды ұстанатын өрелі жастарымызға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Сол себепті бар күш жігерімізді білім жолына сарп етуге даярмыз. Кемел келешектің келбеті болған реформаның құны қазына, бағасы ырыс.

**Ардақ РАХИМОВА,**  
**Көктұма қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

## Есірткі қылмысының алдын-алу

Есірткі қылмыстарына қарсы профилактикалық шаралар жүргізу және оны анықтау жұмысын жүргізу мақсатында Достық стансасы Желілік полиция бөлімінің криминалдық полиция қызметкерлері Достық ауылының №11 орта мектебінің 9-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Іс-шара барысында жоғарғы сынып оқушыларына синтетикалық есірткілер мен өсімдік тәріздес есірткілердің түрлері және ҚР ҚК-нің 296, 297 баптарында көрсетілген, медициналық емес түрде қолдану, оларды заңсыз сақтау, дайындау, тасымалдау, жөнелту не өткізу іс-әрекеттеріне қылмыстық жауапкершілік туралы түсіндірілді.

Аталған профилактикалық түсіндірме жұмыстары орта мектеп психологының қатысуымен өтіп, оқушыларға есірткі заттарына жақындаған жағдайда қайтымсыз зардаптарға алып келетіндігі туралы жеткізілді.

Достық ст. ЖПБ баспасөз қызметі.

## Әлеуметтік жұмыс орындары

Әлеуметтік жұмыс орындары – еңбекақыны субсидиялай отырып, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін құрылады. Әлеуметтік жұмыс орны жұмыс беруші мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы шарт негізінде жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін, олардың жалақысын субсидиялай арқылы құрылады.

Жобаға бір жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан және тұрақты салық және басқа да әлеуметтік аударымдар жүргізетін, сондай-ақ, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар қатысады.

Әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыс уақытша болып табылады. Әлеуметтік жұмыс орынына қатысу ұзақтығы 11 айдан аспайды, уақытша жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін кейін жұмыс беруші қатысушыға тұрақты жұмыс орнын ұсынуға міндеттеледі.

Субсидия мөлшері айына белгіленген жалақы мөлшерінің 35%-ын құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайды. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға еңбекақы төлеудің бір бөлігін жұмыс беруші еңбек шартында белгіленген мөлшер негізге алына отырып, ай сайын нақты жұмыс істеген уақыты үшін дербес жүргізеді. Келесі қаржы жылына өтінім электронды түрде қазан айынан қараша айына дейінгі аралықта қабылданады.

Әлеуметтік жұмыс орны «Күміс жас» жобасы.

Жобаның мәні - халықты жұмыспен қамту орталығы бюджет қаражаты есебінен зейнеткерлік жасқа дейінгі адамның жалақысының бір бөлігін субсидиялайтын болады.

Жұмыс беруші зейнетақы алдындағы жастағы адамдар үшін жұмыспен қамту орталығымен жасалған шарт негізінде құрған жұмыс орны, 12 ай өткеннен кейін жұмыс беруші жұмыссызға зейнеткерлік-

ке шыққанға дейін тұрақты жұмыс орнын ұсынады.

Жұмыссыздарға қойылатын талаптар: зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалғанда). Ұзақтығы: 12 айдан аспайды. Жалақысы: жұмыс беруші белгілейді, жұмыспен қамту орталығы ішінара жабады, бірақ 30 АЕК-тен аспайды.

«Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы» ҚР ДСӘДМ 14.06.2016 ж. № 516 бұйрығына 29.12.2022 ж. Енгізілген өзгерістерге сәйкес «Күмісжас» жобасы шеңберінде:

1. Жұмыс орындары 50 жастан асқан адамдар үшін құрылады.
2. Қатысу мерзімі – 36 айдан аспайды.
3. Субсидиялардың ай сайынғы мөлшері:
  - 1) қатысудың алғашқы 12 айы – жалақы мөлшерінің 70%, бірақ 30 АЕК-тен аспайды;
  - 2) қатысқан 13 айдан 24 айға дейін – жалақы мөлшерінің 65%, бірақ 30 АЕК-тен аспайды;
  - 3) қатысу айының 25-тен 36-на дейін – жалақы мөлшерінің 60%, бірақ 30 АЕК-тен аспайды.
4. «Күміс жас» жобасына қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс беруші зейнеткерлік жасқа толмаған адамды кемінде 1 жыл мерзімге тұрақты жұмыс орнына, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа дейінгі адамды зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысқа орналастыруға міндеттенеді.

Жұмыс беруші келесі қаржы жылына өтінімді электронды түрде <https://www.enbek.kz> порталы арқылы бере алады.

**К.ЖАКСЫБАЕВА,**  
**аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының маманы.**



мет ету, абыроймен алып шығу биліктің міндеті. Осы ұғым санада тұрақтамайынша, жемқорлықты жою мүмкін емес. Себебі өзін халықтан биік санайтын басшылар, оның ойы мен қаражатына көңіл бөлмейді, билік те, ақша да өзінкі деп ойлайды. Қарапайым психология бұл.

Тіпті жемқорлықты анықтайтын арнайы психологиялық термин бар. Коррупция психологиясы осы жемқорларды анықтауға бағытталған. Өздері байқатпаймын дегенмен, психологиялық сипатын өзгерте ал-

## Жемқордың жегені – ұлтын мансұқ етуі

Президент Қ.Тоқаев жемқорлықпен күресті елдегі ең маңызды іс деп санайды. Себебі мемлекеттің тұралап қалуы, қаржының далаға кетуі, экономикамыздың өспеуі кері әсерін тигізетіні хақ.

«Жемқорлықпен күрес тиімді болу үшін мемлекеттік сатып алу жүйесіне бірқатар өзгеріс енгізілді. Сондай-ақ құзырлы орган басшыларының жауапкершілігі артты. Бір сөзбен айтқанда, жемқорлықпен күрес ешқашан тоқтамайды, жалғаса береді. Сонда ғана біз осы індеттен таза қоғам құрамыз. Бұл – менің стратегиялық мақсатым!», – деді Қ.Тоқаев.

Бұл сөз жетер жеріне жетіп, ауыл аймақтарға дейін іске асырылса дейсің. Өкінішке қарай, жемқорлық тамыры терең дерт. Қоғамға танылған обыр. Қатерлі аурумен арпалысып қана қоймай, алдын алу керек. Бармақ басты, көз қысты әрекеттер кез келген бұрышта болып жатады. Түбегейлі жеңу үшін біраз еңбек қажет екені рас. Көрі орыстан мұсылман шықпайды демекші, ескі дүрмекке салынған, сонау Кеңес Одағынан бері креслоға жабысып, одан бері отыз жыл орындығында тапжылмай отырғандарды бірден таза жұмыс істетуге келмейді. Себебі олардың санасы шырмалған, өзім дегенде өгіздей қара күшім бар демекші, өзіне қажеттіні істесе де, халыққа керек іске сұлық түсіп, бейқам қарайды. Өлбетте неше адам ұсталып, мыңа кіріп-шақпайтын қаржыны жымқырғандар ұсталып та жатыр. Олардың қатаң жазалануы міндет. Себебі жазалануына қарай басқаларына ескерту жасалады. Адал еңбекке итермелейді. Біз бір нәрсені ұғуымыз керек. Халық талап етпейінше, жемқорлықтың өскені өскен. Кейде шенеуніктер халық бәрине бізді кінәлайды деген пікірін көріп жатамыз, бірақ бұл қалыпты жағдайға айналуы керек. Қажет десеніз халық бұдан да көп талап етуі тиіс. Себебі билік – халыққа қызмет етуші. Халық таңдаған адамдар. Халық елді сеніп тапсырған менеджерлер. Ел салық төлейді, оларды қамтамасыз етеді. Яғни билік басшы емес, халық басшы. Сол берілген мүмкіндікті құр жібермей, елге қыз-

майды. Бұл көзге ұрып тұратын белгілер. Жемқордың эмпатиясы бұзылған. Себебі ол өз біреудің орнына қоя алмайды. Соның кесірінен өзінің іс-әрекеті басқаға қалай әсер ететінін білмейді.

Эгоцентризм басым. Яғни жемқор өзгенің емес, өзінің қамын көп ойлайды. Манипуляцияға бейім. Бұл дегеніміз коррупционер өзінің шынайы бейнесін бетперде артында сақтайды. Өзгелерді өтірік арқылы бақылауда ұстау әрекеті. Бұны «макиавеллизм» деп те айтады.

Өзін әлдебір сыйақыға лайық санау. Жемқорлар істеген жұмысы үшін сыйақыға лайықпын деп санайды. Бюджеттен ақша ұрлау оның еңбегі үшін ақысы деп сенеді. Бұл былайша айтқанда психологиялық ауытқу. Адалдық пен алдаудың ара-жігін ажырата алмай, шекарасын жою.

Өз кінәсін біреуге жабу. Жемқорлар өзінің істеген ісінен қашатын әдетке ие. Олар көбіне өз кінәсін «сауатсыз халыққа», «шетелдік жауларға» жаба салады.

Импульсивті әрекет. Тәуекелге бару, қым-қуыттың арасында жүру. Психопатиялық ауытқу.

Билік ету. Өзге біреулерден биік тұрғанын көрсету, өзгелерді басқаруды жаны сүю. Бұл да жемқордың бір көрінісі.

Бұл тізбек әлі де жалғаса береді. Бұның бәрі дерлік сау адамның ісі емес екені көзге көрініп тұр. Психологиялық таза, жаны сау адам әділі мен әділетсіздікті аңғара алады. Біреудің наны, біреудің тағдырына қол сұқпайды. Адам өмірі кішкене детальдардан тұрады. Соның бірі өзгерсе болды үлкен проблемаға айналуы мүмкін. Бұл бір адамның ғана тағдыры. Ал мемлекетте тұтас бір ұлттың тағдыры жатыр. Тіл мәселесі, шұбар сөйлеу, ұлтты мансұқ ету, болашаққа не қазақ емес, не араб емес ұлт қалдыру – міне, ең басты қателік осында. Және бұл проблемаға жемқорлардың тікелей қатысы бар.

**А.СҮЛЕЙМЕН.**

# Құқық бұзушылықтың алдын алу



**Қайнар ауылдық округі әкімдігінің ұйымдастырумен Қайнар орта мектебінде «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.**

Шараның мақсаты – құқықтық тәрбие беру арқылы оқушылардың бойына заңға деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, өз құқығын білетін шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру болды. Шараға Жайпақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы М.Сембаева және жастар ісі жөніндегі нұсқаушысы қатысты. Дөңгелек үстелге 8,9,10 және 11 сынып оқушылары қатысып, әр сынып команда болып сайысқа түсті. Іс-шараның қорытындысы

бойынша жеңіске жеткен командаларға арнайы Қайнар ауылының әкімі Қ.Жумашевтың Алғыс хаты мен сыйлықтары табысталды.

Құқық бұзушылық – қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәметке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік терімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құнды-

лық – адам бостандығы. «Адам құқығы, бала құқығын қорғаудан басталады» Міне, адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап, оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң бар.

Балалар, ересектер сияқты, негіз қалаушы: сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіде көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

Қазақстанның қолдануында іс-әрекеттер жасаудың белгілі құқықтық негізі – Балалар құқықтары туралы Конвенция бар, дегенмен, нақты міндеттемелерге келер болсақ, жалпы алғанда мемлекет, әлеуметтік қызметтер, құқық қорғау органдарының ресми тұлғалары, қоғам, БАҚ, отбасы тарапынан күннен-күнге тиісті жауапкершілікпен қарауы байқалмай келеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіне сәйкес кәметке толмаған баланы ата-анасының немесе осы міндет жүктелген басқа адам, сонымен қатар педагог немесе оқыту, тәрбиелеу, емдеу не кәметке толмаған баланы қадағалау міндеттелген басқа да мекеменің қызметкері тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін атқармағаны немесе жөнді атқармағандығы үшін шара қолдануды қамтиды.

**Г.АКЖОЛОВА,**  
Қайнар ауылдық округі әкімдігінің бас маманы.

# Құттықтаймыз!

Алакөл өңірінің арда азаматтарының бірі, қоғамдық тыныштық пен береке-бірліктің артуына, ырыс-ынтымақтың ұлғаюына елеулі үлес қосып жүрген, білім саласының ардагері, ұстанымы мықты ұлағатты ұстаз, аяулы ана, ардақты әже, қоғам арасында аса биік беделге ие **Қсталасова Қоңыржай Жағыпбаровна** мамырдың отызыншы жұлдызында жетпіс жастың биігіне шықпақ.

Адамгершілік асуынан ары аспай, қызметі мен өмірлік жолында да өнеге мен үлгі көрсете білген жанның сый-құрметі бүгінде ерекше. Ауданның дамуына, соның ішінде білім саласының өркендеуіне қосқан үлесі де зор. Кісілік келбетіне кір жұғып көрмеген асыл жанды төл мерекесімен құттықтап, деннің саулығын, бақыттың ұзағын, таусылмас қуаныш пен толайым табыс тілейміз. Зейнеттік жасқа жетсе де ауданның тыныс-тіршілігіне белсенді араласып, болашақ иелеріне тағылымды тәрбие беруде, қоғамдық мәселелерді реттеуде алдына жан салмауда. Осы бағыттағы игілікті істеріңіз өз жемісін бере берсін. Жаратқан иеміз жазып, жүз жасыңызды тойлауға жеткізсін.



**Ізгі тілекпен: аудандық қоғамдық кеңес мүшелері.**

Құрметті **Қсталасова Қоңыржай Жағыпбаровна**, сізді мерейлі 70 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Айналаңызға ақыл-нығызды ғана емес, ішкі жандүниенің жиналған шуағыңызды да үнемі шашып жүресіз. Өзгеге үлгі, көпке өнеге болған қалпыңыздан айнымаңыз. Сізге және отбасыңызға бақыт, мейірім, береке-бірлік пен ынтымақты тірлік тілейміз. Бүгінгідей жайдары, деніңіз күйлі, қадамыңыз нық болып жүре беріңіз.



Құтты болсын 70 дейтін жасыңыз, Тау суындай буырқанып, тасыңыз. Сексен, тоқсан төбелері артта қал, Жүз жастың да биігінен асыңыз.

**Ізгі тілекпен: топ қыздары.**

## Химиялық өңдеу жүргізіледі

Мамыр айының 29-нан маусым айының 5 күндер аралығында Үйгентас орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жер қорында орналасқан барлық орман пайдаланушылардың және іргелес шаруашылықтардың назарына Қабанбай орманшылығында 1 және 2 айналымдарында «Жасыл аймақ», Қабанбай және Ақжар ауылының маңайында қарағаш орман екпелеріне, ағаштарына биологиялық препарат «Диурон» инсектицид ерітінділерімен, эмульсияларымен және сұйық тамшы суспензияларымен бүрку арқылы орман зиянкестеріне қарсы мұрқабелегі, (пяденица обди-рало) жер үсті (механикалық) химиялық

өңдеу жүргізіледі. Диурон инсектицид препараты Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген. Орманда болу, саңырау құлақ теру, мал жаюға тиым салынады. Омартадағы бал арасына зиян келтірмейді сонда да сақтық шараларын қамтамасыз ету керектігін ескертеміз. Қабанбай Ақжар ауылының тұрғындары сол күндері жасыл аймақ жерлері мен шектесетін жерлерде серуендеп қыдырмағандары абзал.

**ҚЕРМУХАНОВ,**  
Үйгентас орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің О/Ш маманы.



## «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті 2023 жылғы «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсын жариялайды.

Конкурс 3 кезеңде өтеді: бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші кезең – облыстық, үшінші кезең – ұлттық.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер тиісті құжаттар қоса тіркелген арнайы нысан бойынша облыстық комиссияға беріледі.

Толық ақпаратты 8(72833) 2-35-47 байланыс телефоны арқылы алуға болады.



Болашағынан зор үміт күттіретін ұл-қыздарымыздың сапалы білім алып, саналы тәрбиені бойына сіңіруде ұстаздың алар орны ерекше. Темірдей төзімді, әр оқушының жүрегіне жол таба білетін ептілікті қажет ететін мұғалімнің мәртебесі қашан да жоғары.

Осыдан 4 жыл бұрын біз де ұл-қыздарымызды жетектеп, осы бір аяулы жанның алдына әкелген едік. Бүлдіршіндерді құшақ жая қарсы алған Үшарал қалалық №1 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі **Оразбаева Марал Оразбайқызы** балаларды өзіне бірден баурап алды. Қолдарына қалам ұстатып, әріп танытып, білім теңізінің қиын да қызықты сапарына бірге жүзді. Бүгінде балапандарының қанаттарын қатайтып, бастауыш атты белестен асырғалы отыр. Ата-аналар атынан алғашқы ұстазымызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Шәкірттеріңіз тек биіктен көрініп, сізді қуанта берсін, еңбегіңіз жемісті, жетістіктеріңіз бен жеңісті күндеріңіз көп болсын. Сіздің әрқашан да балалардың жүрегінде қала беретінін біз сеніміміз мол.

**Құрметпен: Үшарал қалалық №1 орта мектебі 4 «ә» сынып оқушыларының ата-аналары.**

## Объявление

У нотариуса нотариального округа области Жетісу Куанышевой Назгуль Куанышевны, в производстве находится наследственное дело в отношении Акимбаев Жумагул Задакановича, умершего 25.12. 2022 года, дата рождения: 09.12.1955 г., зарегистрированного в г. Ушарал, ул.Кабанбай батыра, дом 164, Алакольского района, области Жетісу. В связи с чем прошу обратиться его наследников по адресу: город Ушарал, ул. Кабанбай батыра, дом 112 А, Алакольский район, область Жетісу, моб. 87015445574.

### Еске алу

Көктұма ауылының тұрғыны, асқар тау аға, асыл жар, ардақты әке **Қияшбаев Мұратбай Рысбекұлының** өмірден өткеніне 10 айдың жүзі болды. Аяқ астынан келген қаза бәрімізді есеңгіретіп тастады. Асқар тауым, ағатайым тірі болғаныңда 1 маусым күні 60 жасқа толған тойыңды тойлатып отырар едік. Келесі жылы 60-қа толамын деп көп айтушы едің, сол жасыңа жете алмай кеттің ғой...



Жастайынан еңбекке араласқан, мектеп бітіріп, жоғары оқу орнын тәмамдап, өзінің туған ауылына еңбегін сіңірген асыл азамат еді. Аузын ашса жүрегі көрінетін, құшағын кең ашып, қиналғанның бәріне көмек қолын созатын, аңқылдаған ағатайым-ай, сенің орның ойсырап тұр. Қарындасым деп маңдайымнан иіскеп кететін күндерді сағындым.

**Еске алушылар: қарындасы Жайнагүл, күйеу баласы Серік, жиендері Бекарыс, Зарина-Ербол, Жания-Ерлан.**

**Меншік иесі:**  
**«Алакөл айнасы» ЖШС-і.**  
Директордың м.а.-  
**Ғалым Азатұлы**  
Бас редактор -  
**Алмат ЕСЕНБЕКОВ.**

**Телефондар:**  
Директор: 3-52-63  
Бас редактор: 3-52-68  
Бас редактордың орынбасары: 3-51-74  
E-mail: alakred@mail.ru  
Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады  
Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.  
ИНДЕКС: 040200.  
**Осы шығарылымның таралымы 4086**

Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.  
Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.